

**Баннов ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 28 "Баннов селолық округінің Баннов селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Баннов ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 9 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 маусымда № 4778 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Баннов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Баннов ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 28 "Баннов селолық округінің Баннов селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-131 тіркелген, 2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Федоров ауданы, Баннов селолық округі, Баннов селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып **Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** : " ;

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша " селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Баннов ауылдық округінің әкімі В. Воробкало*